

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOва А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

деген айдармен зейнет демалысы, оның шарттары, жаңа заң нормалары, мемлекет тарапынан болған жеңілдіктер жайлы әйелдерді барынша хабардар еткен: “ҚР еңбек заңдылығында және басқа да заң салаларында әйелдер үшін зейнетақы жеңілдіктермен қатар көптеген әлеуметтік басқадай да жеңілдіктер көрсетілген. Оқырмандар сауалына байланысты бұл мәселелерге газет редакциясы жауап береді [7].

Қорыта келе, “Егемен Қазақстан” газетінің архивтегі сандарына шолу жасай отырып, елдің бас басылымы 1996-2000 жылдар аралығындағы егемендіктің кезекті бесжылдығында оқырман тарапынан, әсіресе біздің зерттеу нысанына айналып отырған – әйелдерден түскен сауалдарды, қоғамда қалыптасқан әртүрлі мәселелерді негізге ала отырып, мәселені газет бетінде қажет деңгейде көтере білген. Күн сайын жарыққа шығатын елдің негізгі газеті ретінде мәселені үстіртін ғана емес, тереңінен талдай білген. Мұны арнайы мамандардан алынған көлемді сұхбаттардан, мәселенің шығу тегін, шешілу жолдарын барынша зерттей білген мақалалардан және қарапайым әйелдермен диалог орнатып, олардың мұң-шерін, талап-арманын газет бетіне түсіре білген талдаулардан байқай аламыз. Газет беттерін парақтай отырып, сол жылдарда қоғам назарында болған мәселелер әртүрлі жастағы әйелдерге қатыста болғанын да байқадық. Жоғарыда аталған мәселелер қоғамдағы бірқатар әлеуметтік саланың төңірегінде болғанына көз жеткіздік (денсаулық сақтау, зейнет демалысы, жастар тәрбиесі, әлеуметтік-экономикалық сала).

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жылдар). / Қ.Алдаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразаев – Алматы: Білім, 2010.
2. Қосым М. Қабырға сынбағанмен қайысып жүр // Егемен Қазақстан газеті, ақпан, 1996.
3. Сәдірқызы Г. Қабырға сынбағанмен қайысып жүр // Егемен Қазақстан газеті, ақпан, 1996.
4. Амбарцумян М. Ана мен бала денсаулығына қамқорлық қажет // Егемен Қазақстан газеті, қараша, 1997.
5. Сапарқызы Г. Ұл тумайтын әйел жоқ, саулығын айт // Егемен Қазақстан газеті, қараша, 1997.
6. Садыхан М. Тіршілікке нұр сеуіп бара жатыр // Егемен Қазақстан газеті, наурыз, 1996.
7. Зейнетке жасың жеткенде // Егемен Қазақстан газеті, сәуір, 1996.

БАҚ-ҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ТАЛДАУ

Даниял Қазанбай ,
ЕҰУ-нің магистранты,
Ғылыми жетекші: **Қарғаш Жанпейісова,**
саяси ғылымдарының кандидаты, доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақалада БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау саласындағы жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты қолдау бойынша ақпараттарға талдау жасалады. Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері кәсіпкерлік саласына өте көп көңіл бөлінуде. Заңнамалық база жасақталып, бизнесті ынталандыру жұмыстары жүргізіліп, мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асты. Бизнестің күрделі әлемінде мемлекет катализатор және реттеуші рөлін атқарады. Бизнесті дамытудағы мемлекет рөлі өте кең және жан-жақты болғандықтан, оның жүзеге асырылуын ғылыми тұрғыда зерттеу маңызды болып отыр. Мемлекет кәсіпорындардың қызметіне жағдай жасайды, кәсіпорындардың қалыптасуына, өсуіне және тұрақтылығында маңызды рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша үкіметтер кәсіпорындар ұстануға тиісті ережелер мен заңдарды анықтайды, нарық жағдайына әсер ететін экономикалық саясат жүргізеді және бизнесті жүргізуге ықпал ететін инфрақұрылымға инвестиция құяды. Сонымен қатар, үкімет көбінесе білім беру, денсаулық сақтау және қауіпсіздік сияқты бизнес үшін маңызды қызметтер мен қолдау көрсетеді. Олар сондай-ақ ғылыми гранттар, салық жеңілдіктері және инновациялық орталықтар құру арқылы инновациялар мен технологиялық прогреске ықпал етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік сауда саясаты мен экономикалық даму бағдарламалары отандық салаларды қорғау арқылы да, халықаралық сауда мен инвестицияларды ынталандыру арқылы да іскерлік белсенділікке тікелей әсер етуі мүмкін. Шын мәнінде, бизнесті дамытудағы мемлекеттің рөлі халықтың және тұтастай экономиканың мүдделерін қамтамасыз ете отырып, оның өркендеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Бұл мақалада біз мемлекеттің бизнесті дамытуға әсер етуінің әртүрлі тәсілдерін, сондай-ақ динамикалық бизнес экожүйесін құру және экономикалық тұрақтылық пен өсуді қамтамасыз ету үшін нақты саяси және нормативтік шаралар мен стратегияларды қарастырамыз. Бизнесті реттеудегі мемлекет қызметі, жүзеге асыру жолдары талданып оның мәселелері анықталады және зерттеу нәтижесінде мемлекеттің бизнес саласын жетілдіру рөліне ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, бизнес, мемлекеттік қолдау, үкімет.

Әлем бойынша кәсіпкерлік саласы құқықтық нормалармен және заңнамалық актілермен реттеледі. Кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік саясаты осыдан басталады. Осыған сүйене отырып үкіметтер әртүрлі мемлекеттік бағдарламалармен, стратегиялық құжаттар қабылдайды.

Мемлекет бизнесті дамытуда бірнеше бағыттар бойынша маңызды рөл атқарады [1]:

– Заңнамалық реттеу. Мемлекет бизнес субъектілері ұстануға тиісті заңдар мен ережелерді жасайды және қабылдайды. Яғни, оларға еңбек заңнамасы, экологиялық ережелер, салық заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері кіреді. Елде заңды түрде жұмыс істеу үшін кәсіпорындар осы нормаларды сақтауы керек. Бұл бизнестің этикасы мен жауапкершілігін, тұтынушылардың, жұмысшылардың және қоршаған ортаның мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

– Экономикалық саясат. Мемлекеттің экономикалық саясаты бизнестің дамуына айтарлықтай әсер етеді. Осылайша, фискалдық саясат (салық салу және мемлекеттік шығыстар) және ақша-несие саясаты (ақша массасы мен пайыздық мөлшерлемелерді бақылау) кәсіпорындардың дамуы мен нәтижелеріне әсер ете отырып, экономикалық өсуді ынталандыруы немесе баяулатуы мүмкін. Мысалы, салықты төмендету инвестицияларды және бизнесті кеңейтуді ынталандыруы мүмкін, ал жоғары пайыздық мөлшерлемелер қарыз алуды қымбаттатып, бизнестің өсуін баяулатуы мүмкін.

– Инфрақұрылымды дамыту. Мемлекет жолдар, көпірлер, порттар, әуежайлар және коммуналдық қызметтер сияқты инфрақұрылымға инвестиция салады. Жақсы инфрақұрылым тауарлардың, қызметтердің және адамдардың тиімді қозғалысын қамтамасыз ету арқылы бизнесті жүргізуді жеңілдетеді. Ол сондай-ақ инвестицияларды тартады және аймақты бәсекеге қабілетті етеді.

– Қызмет көрсету. Мемлекеттік органдар бизнесті дамытуға ықпал ететін қызметтерді ұсынады. Яғни, білім беру, денсаулық сақтау және қауіпсіздікті. Бизнесті дамыту үшін білімді жұмыс күші қажет, ал денсаулық сақтау және қауіпсіздік қызметтері тұрақты және өнімді жұмыс ортасын құруға ықпал етеді.

– Инновациялар мен технологияларды қолдау. Көптеген елдердің үкіметтері ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық гранттар, салық жеңілдіктері және инновациялық орталықтар құру арқылы бизнестегі инновациялар мен технологиялық прогресті қолдайды. Бұл бизнестің өсуіне ықпал етіп қана қоймай, экономикалық дамуды ынталандырады.

– Сауда саясаты. Тарифтер, квоталар және сауда келісімдері сияқты мемлекеттік сауда саясаты халықаралық саудаға әсер ету арқылы бизнестің дамуына әсер етуі мүмкін. Мысалы, тарифтер отандық өнеркәсіпті шетелдік бәсекелестіктен қорғай алады, ал сауда келісімдері кәсіпорындар үшін жаңа нарықтар ашады.

– Құтқару және субсидиялау. Белгілі бір жағдайларда Үкімет қиын немесе экономика үшін маңызды деп саналатын салаларды құтқаруға немесе субсидиялауға бара алады. Бұл нарық динамикасын бұзуы мүмкін, бірақ сонымен бірге жұмыс орындарын сақтауға көмек.

Осылайша, мемлекет әртүрлі саяси шаралар, реттеу қызметін, қызмет көрсету және инфрақұрылымды дамыту арқылы бизнесті жүргізу жағдайларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Мемлекет шешімдері бизнестің дамуына ықпал етуі де, кедергі келтіруі де мүмкін. Сондықтан кәсіпорындар мемлекеттік саясат пен ережелерден хабардар болуы керек, сондай-ақ бизнесті қолайлы жүргізу және қорғау үшін саясаткерлермен өзара әрекеттесуі керек.

Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін көптеген мемлекеттік бағдарламалар қабылдаған. Үкімет бизнес климатты жақсарту мақсатында елеулі шаралар атқаруда. Елімізде шағын және орта кәсіпорындарының тұрақты дамуына және қолдаудың тиімді құралдарын жүзеге асыру арқылы белсенді рөл атқаратын «Бәйтерек» холдингін атауға болады. Холдингтің даму жоспарына сүйенсек осы ұйымның бір ғана миссиясы бар. Ол Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады. Стратегиялық қызмет бағыттары: кәсіпкерлікті қолдау және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту. Маңызды міндеттеріне:

- Экономикалық шикізаттық емес салаларын дамыту;
- Кәсіпкерлікті дасыту;
- Шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау;
- АӨК-дегі қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру.

Шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламаларының негізгі операторы болып «Бәйтерек» холдингтің еншілес ұйымы – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» болып табылады. Қордың негізгі мақсаты – қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті сапалы дамытуға жәрдемдесу. Ал миссия қаржылық қолдау көрсету арқылы ҚР-да жеке кәсіпкерлікті сапалы дамытуға жәрдемдесу. Еліміз аграрлық саланы дамуына көңіл бөлуде. Сондықтан елімізде бұл саланың дамуына үлес қосатын «AgroCredit» аграрлық несие корпорациясы құрылған.

Негізгі миссиясы - қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін құру арқылы Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына жәрдемдесу. Стратегиялық бағыты АӨК субъектілерін қаржыландыру болып табылады.

Елімізде кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұлттық жоба қабылданған. Бағдарлама жоспары бойынша 2021-2025 жылдар аралығында іске асады. Ұлттық жобаның күтілетін экономикалық көрсеткіштері [2]:

- ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнес үлесін 35 %-ға дейін жеткізу;
- ЖІӨ-дегі туризм көлемінің өсуі 8,4 трлн теңге;
- Мемлекеттің экономикадағы үлесін 14 %-ға дейін төмендету;
- 995,3 мың жұмыс орнын құру.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді орындау үшін арнайы жоспар даярланған. Осыған сәйкес еңбек нарығының қажеттіліктеріне байланысты

жұмыссыздарды оқыту мен қайта даярлаудың нақты шаралары қабылданған. Кәсіпкерлерге әкімшілік жүктемені төмендету және бизнес субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру бойынша бірқатар өзгерістер енгізілген. Ұлттық жобаның 2022 жылдың қорытындысы бойынша тиімділігін байқауға болады [3]:

- Шағын және орта кәсіпкерліктегі тіркелген субъектілер саны 2 миллионнан асқан;
- Шағын және орта бизнес 4,1 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтиды;
- Шағын кәсіпкерліктің өнім шығарылымы 42,1 трлн. теңгені құрады, бұл барлық ШОК субъектілерінің жалпы өнім шығарылымынан 71% құрайды.
- ШОК саласына елдің экономикалық белсенді халқының жалпы санынан 43,6% келеді. Өңірлер бөлінісінде ең көп үлес Алматы және Астана қалаларында басым. Ең аз үлес Жамбыл облысында тіркелген.

Қорытындылай келе, аталған шаралар толық жүзеге асырылған жағдайда, шағын және орта бизнес дамып, әлеуметтік мәселелер өз шешімін табып, жұмыспен қамтылған азаматтар саны артып, еліміздің экономикасы жетілдіруге алып келеді. Бизнес жүргізу жеңілдігі индексі — Дүниежүзілік банк жылдық мәліметтердің негізінде құрастыратын әлем елдері арасындағы кәсіпкерлік қызметтің қарапайымдылығын салыстыруға арналған индексіде еліміз 25 орында. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамытуға толық жағдай бар дегенді білдіреді.

Әдебиеттер:

1. How business interacts with government: McKinsey Global Survey results/ Эл. ресурс: <https://www.mckinsey.com/industries/public-sector/our-insights/how-business-interacts-with-government-mckinsey-global-survey-results>
2. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба паспорты. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы/ Эл. ресурс: <https://primeminister.kz/kz/nationalprojects/2021-2025-zhyldarga-arnalghan-kasipkerlikti-damytu-zhonindegi-ulttyk-zhoba-1591824>
3. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі. Ұлттық статистика бюросы/ Эл. ресурс: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/5120/>